



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Саяси жаңғырудың жаңа белесі



3-бет

«Ораза тұту – тәннің диетасы емес, жанның емі»



4-бетте

Арқа ардақтыларының галереясы



8-бет

• МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Тасқынға тосқауыл бар

Көктем – сын мен сынақ кезі. Әсіресе, қар қалың түскенде тасқынды қауіп күшейетіні белгілі. Сондықтан, өңірде алдын алу жұмыстары ерте басталып, құзырлы ұйымдар кешенді жоспар негізінде әрекетке көшкен. Бәрі де қызыл су тәуекелдерін төмендетіп, бұқараның қауіпсіздігі үшін жұмыс істеп жатыр.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сол себепті, аймақта көктемгі дайындық жұмыстары жүйелі түрде жалғасуда. Өңірде 132 су тасқынына қарсы іс-шара жүзеге асырылып, 25 шақырым қорғаныс бөгеттері салынды, 28 шақырым өзен арналары тазартылды. Қауіп аймағындағы 139 елді мекен ерекше бақылауға алынып, 1 наурыздан азаматтық қорғау күштері жоғары дайындық режиміне көшіріледі. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Бүгінгі күнге дейін жоспарлы және жоспардан тыс сипаттағы шамамен 132 іс-шара орындалды. Облыс аумағында жалпы ұзындығы 25 шақырымды құрайтын қорғаныс бөгеттері мен үйінділер салынды әрі нығайтылды. Бұл – су арнасынан асқан жағдайда елді мекендерді қорғаудың негізгі қалқаны. Сонымен қатар, су тасқыны қауіп жоғары 28 шақырымнан астам өзен учаскесінде санация жүргізіліп, арналар тазартылды. Дренаждық және су бұру жүйелерінің 21 шақырымы қойыстан аршылып, қалыпты жұмыс істеуі қамтамасыз етілді.

Автомобиль жолдарының 54 учаскесінде су жылдам ағып кетуі үшін құбырлар кенейтілді, тазартылды. Бұл көктемде үздіксіз көлік қатынасы үшін аса қажет. Бұдан бөлек, елді мекендер аумағынан 604 мың текше метрден астам қар шығарылды. Қарды уақытылы сыртқа шығару – қарғын ағындарын реттеудің басты тетіктерінің бірі.

Дайындық жұмыстарына облыстың төтенше жағдайлар департаментінің үйлестіруімен жергілікті атқарушы орган-



дар, коммуналдық қызметтер және бейінді ведомстволар тартылған. Себебі, тасқын судың алдын алу тек өңірдегі барлық құрылымдардың бірлескен іс-қимылының нәтижесінде ғана мүмкін.

Мұз кептелістерінің алдын алу мақсатында жарылыс жұмыстары үшін шарттар жасалады. Көктемде өзендерде пайда болатын мұз бөгеттері су деңгейінің күрт көтерілуіне ықпал етуі әбден мүмкін. Сондықтан, бұл орайда да алдын ала дайындық аса мәнге ие. Бұдан бөлек, материалдық-техникалық және қаржылық резервтер пысықталуда. Арнайы техника, жанар-жағармай қоры, инертті материалдар мен құтқару құралдарын құзырлы ұйымдар дайындауда.

Ерекше бақылауда су басу қаупіне ұшырауы мүмкін 139 елді мекен, автомобиль және теміржолдардың 130 су тасқы-

нына бейім учаскесі, сондай-ақ, 217 су шаруашылығы нысаны тұр. Бұл нысандарда жағдай тұрақты түрде зерделеніп, тәуекел деңгейі сараланып отыр. Төтенше жағдайлар департаментінің мобильді топтары әкімдіктермен бірлесіп, ықтимал қауіпті аумақтарды тұрақты аралап, мониторинг жүргізуде.

Гидротехникалық құрылыстардағы ахуал да бақылауда. Су ағынын реттеу мақсатында Самарқанд және Ынтымақ су қоймаларынан санитарлық ағызулар жүргізілуде. Бұл шаралар өзендердегі су деңгейін тұрақтандыруға және артық суды қауіпсіз көлемде жіберуге мүмкіндік береді.

Жалпы гидрометеорологиялық жағдай қазіргі таңда тұрақты. Облыс аумағында 30 гидрологиялық бекет жұмыс істейді, оның ішінде Балқаш көліндегі бекет те

бар. Өзендер қысқы режимде, су деңгейі төмен. Шағын өзендердің бір бөлігі түбіне дейін қатып жатыр. Дегенмен, мамандар көктемгі жылымық басталған сәттен жағдайдың өзгеруі мүмкін екенін ескертті.

23-27 ақпан аралығында «Қазгидромет» ТЖД-мен бірлесіп, Нұра және Шерубай-Нұра өзендері бассейндерінде қар жамылғысындағы су қорының қосымша өлшеулерін жүргізеді. Бұл деректер көктемгі ағын көлемін болжауға және тәуекел картасын нақтылауға мүмкіндік береді.

1 наурыздан аумақтық азаматтық қорғау кіші жүйесінің күштері мен құралдарын жоғары дайындық режиміне көшіру жоспарлануда. Гидрологиялық қызмет мамандары демалыс күндері кезекшілік ұйымдастырады, ал, су тасқыны басталған сәтте тәулік бойы мониторинг жүргізіледі.

Коллаж жасаған Арнайы Көктем

• РЕСМИ

Уақыт үнемдейтін шешім

Қарағандылықтар үшін мемлекеттік қызмет нәтижесін алу бұрынғыдан да ыңғайлы бола түсті. Енді Халыққа қызмет көрсету орталықтарында рәсімделген дайын құжаттарды жұмыс кестесіне қарамай, тәуліктің кез келген уақытында алып кетуге мүмкіндік бар. Мұндай форматты «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы іске қосқан постаматтар қамтамасыз етеді.

Постамат – мемлекеттік қызмет нәтижесін алушының өз бетінше алуына арналған автоматтандырылған құрылғы. Құжат дайын болған сәтте азаматтың ұялы телефон нөміріне жеке колжетімділік коды көрсетілген SMS-хабарлама жіберіледі. Құжатты алу үшін биометриялық сәйкестендіруден өту қажет. Сәйкестендіру аяқталғаннан кейін құжат сақталған ұяшық автоматты түрде ашылады. Рәсім бірнеше минут ішінде жүзеге асырылады және кезек күтуі қажет етпейді.

Қазіргі уақытта постаматтар еліміздің 10 өңірінде орнатылған.

Қызметті ХҚКО-да рәсімдеу кезінде нәтижені постамат арқылы алу тәсілін таңдап, автоматтандырылған пункт арқылы беруге келісім беру қажет. SMS-хабарлама алынғаннан кейін құжатты үш күн ішінде алып кету керек. Егер көрсетілген мерзімде алынбаса, құжат ХҚКО маманы арқылы стандартты тәртіппен беріледі.

2026 жылы постамат арқылы дайын құжаттарды беру қызметінің құны 518 теңгені құрайды. Қарағанды қаласында постамат Тәттімбет көшесі, 709 мекенжайында орналасқан.

Өз тілшімізден

Кеңес тегін

Облыста кәсіпкерлік нысандардың жарнамасы мен маңдайшаларын қазақ тілінде сауатты рәсімдеуге бағытталған қолдау шаралары жалғасуда. Өңір кәсіпкерлері енді баннерлер, маңдайшалар, ақпараттық стендтер мен өзге де көрнекі материалдардағы мәтіндердің дұрыс жазылуы мен тілдік талаптарға сәйкестігі бойынша тегін кеңес алады.

Бұл қызметті облыстың тілдерді дамыту басқармасына қарасты Ресурстық тіл орталығы ұсынады. Орталық жанынан тілдік мәселелер бойынша жедел желі жұмыс істейді. Мамандар кәсіпкерлер жолдаған мәтіндерді карап, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді анықтап, қажет болған жағдайда түзетулер енгізуге көмектеседі.

Сонымен қатар жарнама мәтіндерінің аударма сапасы, мемлекеттік тіл нормаларына сәйкестігі, терминдердің дұрыс қолданылуы және ресми стиль талаптарының сақталуы бойынша кәсіби түсіндірме беріледі.

Мәтіндердің талапқа сай рәсімделгеніне көз жеткізу үшін кәсіпкерлер 8-775-163-00-00 нөміріне хабарласа алады. Қажет болған жағдайда мәтінді мессенджер арқылы жіберіп, мамандардың жедел жауабын алу мүмкіндігі бар. Кеңес беру – тегін.

Өз тілшімізден

Ерлік үнсіз жасалады



Қарағанды облысының төтенше жағдайлар департаменті өңірде «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясындағы «Құқық тәртібі әліппесі» акциясын жалғастыруда. Бұған дейін бірқатар құқық қорғау ұйымдарының ішкі жұмысын егеше танысқан депутаттар, қоғам белсенділері мен жастар енді құтқарушылардың күнделікті қым-қуығ жұмысына куә болды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Құтқарушылар қуана қарсы алды

Арнайы келген қонақтарға бұл жүзделудің мән-маңызы туралы төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары, азаматтық қорғау подполковнигі Думан Қайратұлы айтып өтті.

«Заң мен тәртіп» акциясы аясында облыс прокуратурасымен бірлесіп, құтқарушылардың қызметін таныстырып, олардың күнделікті қандай жұмыс атқаратынын көрсету мақсатында ұйымдастырып отырмыз. Департаментіміздің техникалары мен арнайы құрал-жабдықтарын таныстыру үшін экскурсия өткіземіз. Сонымен қатар, музей, жедел штаб қызметі таныстырылады. Төтенше жағдай кезіндегі

әрекеттер көрсетіледі. Жылу-түтін камерасы мен авариялық-құтқару жасағының жұмысына куә боласыздар. Мұндай кездесулерді біз халыққа қызметімізді таныстыру мақсатында тұрақты өткіземіз. Ал, биыл прокуратурамен бірлесіп, алғаш рет ұйымдастырылып отыр, – деді ол.

Ал, облыстың ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов акция аясындағы жұмыстардың жалғасты екенін жеткізді.

«Біз «Құқық тәртібі әліппесі» акциясы аясындағы жұмысымызды жалғастырып келеміз. Бұл акция «Заң мен тәртіп» идеологиясы негізінде жүзеге асырылуда және облыстық прокуратура жанындағы жобалық кеңсенің үйлестіруімен өткізілуде. Белсенді қатысып отырғандарыңыз үшін алғысымыз білдіремін. Төтенше жағдайлар департаментінің жұмысы тек өрт сөндірумен ғана шектелмейді. Қызметтері кең



көлемді, сан қырлы, ауа райы қолайсыз кезеңдерде жолда қалған жүргізушілерді құтқару, түрлі табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда тұрғындарға көмек көрсету – құтқарушылардың басты міндеттерінің бірі. Жазда – орман және

дала өрттері, көктемде – су тасқыны, ал, қыста мұз үстіндегі және жол-көлік оқиғаларына байланысты құтқару жұмыстары үздіксіз жүргізіледі, – деді ол.

► 5-бет

• ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫНДА

Аймақ дамуының басты бағыттары айқындалды

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың қатысуымен өткен облыстық мәслихаттың кезекті XXXII сессиясы күн тәртібіне өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, бюджет саясатына, экология, аумақтық жоспарлау және кадрлық мәселелерге қатысты 19 мәселені шығарды. Облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов және облыстық мәслихат депутаттары 2026-2030 жылдарға арналған аймақты дамыту бағдарламасы шеңберіндегі инвестициялық жоспарды бекітіп, 2026 жылға арналған облыстық бюджетке нақтылаулар енгізді. Қаражаттың басым бөлігі экономиканың нақты секторын қолдауға бағытталады.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бюджет басымдығы және инвестициялық серіні

Дерекке сүйенсек, нақтыланған бюджет жобасы облыстық бюджет комиссиясының, облыс әкімдігінің, қоғамдық кеңестің отырыстарында, сондай-ақ мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен жиынында жан-жақты қаралған. Құжатта республикалық бюджеттен бөлінетін трансфертер, мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару және 2025 жылғы бюджеттің орындалу қорытындылары ескерілгені де айтылды.

Бөлінген қаражат есебінен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жол-көлік инфрақұрылымы және әлеуметтік нысандарды салу, реконструкциялау және жөндеу бойынша бірқатар жобалар іске асырылады. Әлеуметтік маңызы бар бағыттардағы жолшығару тасымалына, агроөнеркәсіптік кешенге, өнеркәсіп секторына және туризмге қолдау жалғасады. Сонымен бірге, табиғатты қорғау іс-шаралары мен коммуналдық меншік мүлкін тиімді басқару бағытындағы жұмыстар көзделіп отыр, – деді экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Дулат Әшкенов.

Басқарма басшысының айтуынша, нақтыланған бюджет жобасының негізгі ерекшелігі – қайта бөлудің 90,8%-ы нақты экономикалық секторға бағытталғаны, 3,2%-ы әлеуметтік салаға, ал 6%-ы ішкі істер органдары, жұмылдыру дайындығы және қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің пробация қызметін қолдауға бөлінгені.

Ал, әлеуметтік салада бюджет қаражаты міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі арқылы медициналық көмектің қолжетімділігін кеңейтуге, жұмыспен қамтуды қолдауға, мәдениет, ішкі және жастар саясаты бағыттарындағы іс-шараларды ұйымдастыруға жұмсалады.

Нақтырақ айтсақ, бекітілген жоспар 2026-2030 жылдары жүзеге асырылатын 245 іс-шараны қамтиды. 2026 жылдың өзінде 184 іс-шараны іске асыру жоспарланып отыр.

Еліміздің даму стратегиясы аясында төрт негізгі бағыт айқындалған. Олар – «Экономиканың берік іргетасы», «Өсудің жаңа нүктелері», «Жоғары өмір сүру сапасы» және «Экономика мен қоғамның толассыз өзгерістері». Аталған басымдықтар 27 кешенді ұлттық индикаторды, 22 нысаналы индикаторды және 66 нақты көрсеткішті қамтиды.

«Экономиканың берік іргетасы» бағыты бойынша 10 іс-шара қарастырылды. «Өсудің жаңа нүктелері» бағыты аясында 30 жоба іске асырылмақ.

Ең ауқымды бөлігі – «Жоғары өмір сүру сапасы» бағыты. Бұл бағытта 155 іс-шара жоспарланып отыр. Ал, «Экономика мен қоғамның толассыз өзгерістері» бағыты бойынша 10 іс-шара көзделген. Сонымен қатар, өзге бағыттар шеңберінде 40 іс-шараға қаржы қарастырылған.

Инвестициялық жоспар өңірдің орнықты әлеуметтік-экономикалық өсуін қамтамасыз етуге, жаңа жұмыс орындарын құруға, инфрақұрылымды жаңғыртуға және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған. Қаржыландыру көздерінің әртарапандырылуы бізге стратегиялық міндеттерді жүйелі түрде орындауға мүмкіндік береді, – деп атап өтті басқарма басшысы.

Қоршаған ортаны қорғау және инфрақұрылымды жаңарту

Сессия барысында депутаттар 2025-2027 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау

жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есепті де қарады. Өткен жылы Үлкен Бұқпа, Нұра, Соқыр, Тоқырауын өзендерінің арналары санациядан өтіп, Тоғызқұдық және Жастілек гидротехникалық нысандарында күрделі жөндеу жұмыстары аяқталған. Қарағанды, Балқаш, Теміртау, Саран қалаларында және бірқатар аудандарда 2026-2027 жылдары пайдалануға берілетін 15 тазарту құрылысы мен көріз желілерін салу және реконструкциялау жобалары



жалғасып жатыр. Бұл туралы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бахтияр Санбаев мәлімдеді.

Абай қаласында сұрыптау желісімен жабдықталған заманауи қатты тұрмыстық қалдықтар полигонының құрылысы аяқталды. Өңірде орман алқаптарының аумағын ұлғайту жұмыстары жүргізілуде. Сонымен бірге, заңсыз қоныс үйінділерін жою және өзге де экологиялық мәселелерді шешу бағытындағы шаралар жүйелі түрде іске асырылуда.

Атап айтсақ, орман алқаптарын кеңейту және экологиялық мәдениетті насихаттау бағытында 2,1 млн көшет отырғызылып, 7 750 келі орман тұқымы жиналып, 6 экологиялық акция өткізілген.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы қолға алған 16 іс-шара бойынша 39 тұрғын үйдегі үйшілік жылыту жүйелері қалпына келтірілген. Ақтоғай, Дубовка, Досқой, Ақсу-Аюлы елді мекендерінде және Балқаш, Абай қалаларында көріз желілері мен тазарту құрылыстары қайта жаңғыртылды. Қарағанды қаласындағы Индустриялық парк инфрақұрылымы және Совхозная көшесіндегі көріз желілерін реконструкциялау сияқты күрделі жобалар жүргізілуде. Одан бөлек, қалалар мен аудандарда 125 жаңа контейнерлік алаң орнатылып, қауіпті құрамдас бөліктерді жинау үшін 1 995 контейнер пайдалануға берілген.

Былтыр жыл бойы атқарылған жұмыстар қоршаған ортаны қорғау іс-шараларының маңызды нәтижелерін көрсетті. Су қоймалары мен өзен арналарын тазарту, бөгеттерді жөндеу, орман қорын молықтыру, тұрғын үй-коммуналдық желілерді жаңғырту және қауіпті қалдықтарды жинау арқылы экологиялық қауіпсіздік деңгейі артты. Дегенмен, кейбір жобаларды, оның ішінде, суды қорғау және көріз желілерін салу бағытындағы жұмыстарды 2026 жылға қалдыруға тура келді. Бұл алдағы жылдағы жұмыстарға нақты бағдар береді, – деп атап өтті басқарма басшысы.

Экологиялық іс-шаралардың маңызды бөлігі ретінде қаржыландыруды тиімді пайдалану мен жобаларды уақытында аяқтау бақылауға алынған. Су және орман ресурстарын қорғау, қалдықтарды жинау және экологиялық білім беру бойынша жүргізілген жұмыстар экологиялық мәдениетті көтеруге, топырақ пен су сапасын жақсартуға, қалалар мен аудандарда санитарлық-гигиеналық жағдайды жақсартуға оң әсерін тигізіп келеді.

Приозерск – болашақ туристік орталық

Қала құрылысы мәселесі аясында Приозерск қаласының бас жоспарының жобасын бекіту туралы мәселе қаралды. Бұл бойынша қала әкімі Мансұр Ахметов баяндама жасады.

Облыстық мәслихат депутаттары Приозерск қаласының



аумақтарының қауіпсіздігі мен регламенттері ескерілген. Барлық іс-шаралар қала тұрғындарының қауіпсіздігі мен тұрақты өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталап отыр.

Негізгі басымдық жағалау аумағына берілген. Ұзындығы шамамен жеті шақырымды құрайтын демалыс аймағы кешенді түрде абаттандырылмақ. Жоба аясында жағажайлар, көлеңкелі шатырлар, жарықтандыру және қогаландыру жүйелері, балалар алаңдары және өзге де абаттандыру жұмыстары қарастырылған.

Приозерск елеулі табиғи және мәдени әлеуетке ие. Біз туризмді қаланы дамытудың стратегиялық бағыты ретінде қарастырамыз және Приозерскіні заманауи туристік орталыққа айналдыру жолында нақты қадамдар жасап отырмыз. Бас жоспарға енгізілген түзетулер

инженерлік инфрақұрылымды жаңартуға басымдық берілген, – деп атап өтті аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев.

Сондай-ақ, инженерлік коммуникациялар қуат резервімен жобаланады. Ал, жаңбыр және еріген қар суларын бұру үшін жергілікті ағын суларды сорып әкететін коллекторлі көріз желісін салу жоспарланған.

Сессия барысында кадрлық және сайлау мәселелері де назардан тыс қалмады. Қарағанды аумақтық сайлау комиссиясының мүшесін сайлау туралы мәселе бойынша уақытша жұмыс тобының төрағасы Арман Әлімжанов баяндады.

Тұрақты комиссиялардың 2025 жылғы жұмыстары туралы есептер тыңдалды. Атап айтқанда, әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі, бюджет және жергілікті басқару мен өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі, өнеркәсіп, шағын және орта бизнесті дамыту, аграрлық және жер мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның жұмысы туралы баяндамалар назарға ұсынылды. Құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және экология жөніндегі хөм депутаттық өкілеттік, этика, заңдылық және құқық тәртібі мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның да 2025 жылғы жұмысы қорытындыланды.

Сонымен бірге, бақылау-қадағалау бағытында «Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің ережесіне өзгерістер енгізу және аталған комиссия мүшесі А.Құтжанованы қызметінен босату мәселелері де қаралды.

Қарағанды облысының Құрмет грамотасымен наградау туралы Ережені бекіту, сондай-ақ, бірқатар бұрын қабылданған шешімдерге өзгерістер енгізу мәселелері де назардан тыс қалмады.

Облыстық мәслихаттың кезекті XXXII сессиясын қорытындылаған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев атқарушы органдар мен депутаттардың үйлесімді әрі тығыз өзара іс-қимылы өңірдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі шарты екенін атап өтті.

Осылайша, кезекті XXXII сессияда өңірдің стратегиялық дамуы, бюджет саясаты, экология, аумақтық жоспарлау, комиссиялар құрамы мен ұйымдастырушылық құрылымға қатысты маңызды шешімдер қабылданды.

Облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов қабылданған шешімдер мен бекітілген жоспарлардың іске асырылу барысы депутаттардың тұрақты бақылауында болатынын атап өтті. Оның айтуынша, әрбір құжаттың орындалуы заң талаптарына сәйкес қадағаланып, жүйелі түрде талданып отырады. Бұл бағытта мәслихат тарапынан тиісті мониторинг және бағалау тетіктері қолданылмақ. Сондай-ақ, қабылданған міндеттемелердің сапалы әрі уақытылы орындалуына айрықша назар аударылатыны да баса айтылды.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО



егжей-тегжейлі жоспарлау жобасымен ұштастырылған Бас жоспарына енгізілген түзетулерді бекітті. Енгізілген түзетулерге сәйкес, жаңа жағалау аймағы, абаттандырылған жағажайлар, су бойындағы дәмханалар, жағалау бойымен тартылған веложолдар және концерттер мен спорттық турнирлер өтетін ауқымды жастар саябағы бой көтеріп, болашақта туризмге қатысты қаланың ретінде Приозерск осындай келбетке ие болмақ. Құжат 2038 жылға дейінгі кезеңді қамтиды және заманауи туристік-рекреациялық ортаны қалыптастыруға, сондай-ақ, қалалық инфрақұрылымды жаңғыртуға бағытталған.

Қала әкімінің айтуынша, Жоспар Приозерск қаласының стратегиялық орналасуын, Балқаш көлінің Қоржынтүбектегі жағалау аймағын, сонымен қатар облыстық және республикалық маңызы бар жолдарға қашықтықтарын ескереді. Бүгінгі таңда қала халқының саны жүйелі түрде өсіп келеді, 10 600 адамды құраса, қаланың жалпы аумағы – 5 452 га, жобаланатын аумақ – 1 173,5 га.

Бас жоспар қаланың функционалдық аймақтарын, тұрғын үй,

өндірістік, қоғамдық-іскерлік және көлік инфрақұрылымын толық қамтиды. Жоспар бойынша 2027-2038 жылдар аралығында қаланың инфрақұрылымы кезек-кезеңімен кеңейтіліп, 3 жаңа балабақша, 2 мектеп, 1 колледж, 150 төсек-орындық медициналық корпус және 2 500 шаршы метрлік дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынады. Сонымен қатар, мәдени-демалыс орталығы, әкімшілік ғимарат, банк бөлімшелері, сауда және қоғамдық тамақтану нысандары бой көтереді. Жобада қоғамдық тамақтану кәсіпорындарының жалпы сыйымдылығы есептік мерзімде 258 орынға дейін ұлғайтылмақ.

Жоспарда инженерлік инфрақұрылым мен коммуналдық жүйелерді жаңғырту маңызды орын алған. Электрмен жабдықтау 10/0,4 кВ желілері арқылы кезек-кезеңімен модернизацияланады, су құбыры желілері 2028 жылға дейін жаңартылып, жаңа желілер салынамақ. Көріз жүйесі қайта жаңғыртылып, жылу қазандықтары қуат резервімен жобаланады. Сонымен қатар, төтенше жағдайлардан қорғау жүйесі әзірленіп, әуежай маңы

саланың ұзақмерзімді даму әлеуетін ескере отырып әзірленді және қалалық ортаны кешенді әрі орнықты дамытуға бағытталған, – деп атап өтті қала әкімі Мансұр Ахметов.

Қаланың батыс және шығыс бөліктерінде әрқайсысының аумағы шамамен 20 гектарды құрайтын демалыс аймақтарын салу жоспарланып отыр.

Маңызды жоба – жастар саябағы. Саябақтың аумағында тұрғын үй жағдайларын жақсартуды көздейді.

Приозерскінің жаңа Бас жоспары – қаланың болашағына арналған стратегиялық көзқарас. Мұнда туристік әлеуетті дамытуға және жайлы қалалық орта қалыптастыруға, қолжетімді мектептер мен балабақшалар салуға, заманауи индустриялық аймақтар құруға, шағын және орта бизнесті қолдауға, жол және

Саяси жаңғырудың жаңа белесі



Конституциялық референдум – еліміздің саяси жүйесін жаңғырту жолындағы тарихи әрі тағдырлы кезең. Бұл – уақыт талабынан туған шешім. Қоғам әділеттілікке, ашықтыққа, жауапкершілікке негізделген жаңа саяси мәдениетті күтті. Референдум сол үмітке серпін беріп, мемлекет дамуының жаңа сапалы кезеңіне жол ашты.



Ұсынылған өзгерістер мен толықтырулар жай ғана құқықтық түзетулер емес. Олар – басқару жүйесін теңгерімді етуге, билік тармақтары арасындағы жауапкершілікті әділ бөлуге, заңның үстемдігін нақты қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі қадамдар. Ең бастысы – азаматтардың мемлекеттік шешімдер қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігі кеңейді. Бұл – халықтың үні естілетін мемлекет қағидатының нақты көрінісі.

Референдум нәтижесінде суверенді басқару үлгісінен кезең-кезеңімен бас тартылып, өкілді органдардың рөлі күшейтілді. Парламент пен мәслихаттардың ықпалы артты. Бұл саяси жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, қоғам алдындағы жауапкершілікті де күшейтеді. Сонымен қатар, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың конституциялық кепілдіктері кеңейтілді. Әлеуметтік

мемлекет қағидаты нақты мазмұнмен толығып, адамның құқығы мен қадір-қасиеті басты құндылық ретінде айқындалды. «Qazmet» акционерлік қоғамының еңбек ұжымы үшін бұл өзгерістердің әлеуметтік маңызы ерекше. Металлургия үшін әлеуметтік қорғау, еңбек қауіпсіздігі, лайықты еңбек жағдайы мен әділ еңбекақы – өмірлік маңызды мәселелер. Конституциядағы әлеуметтік кепілдіктердің күшеюі еңбек адамы-

ның мүддесін қорғауды жаңа деңгейге көтереді.

Өндірістік ұжымдармен өткен кездесулер барысында жұмысшылар белсенділік танытып, нақты сұрақтар қойды, өзгерістердің мәнін терең талқылады. Бұл – біздің металлургия ел тағдырына бейжай қарамайтынын, олардың жоғары азаматтық жауапкершілігін көрсетеді. Еңбек адамы тек өндірістің ғана емес, қоғамның да тірегі екенін тағы бір мәрте сезіндік.

Бүгінгі таңда ең маңыздысы – Конституция нормаларының нақты жүзеге асуы. Заң үстемдігі, әділдік, тең мүмкіндік пен әлеуметтік кепілдіктер әр азаматтың күнделікті өмірінде сезілуі тиіс. Сонда ғана конституциялық жаңғыру экономиканың дамуына, өндірістің өркендеуіне, инвестициялық тартымдылықтың артуына және қоғамдағы тұрақтылықтың нығаюына қызмет етеді.

Қабылданған шешімдер еліміздің одан әрі демократиялық дамуына берік негіз қалайды деп сенемін. Бұл – қоғам мен мемлекет арасындағы сенімді нығайтатын, болашақ ұрпақтың тағдыры үшін жауапкершілікті күшейтетін маңызды қадам.

Әділетті Қазақстан – бұл ұран емес. Бұл – ортақ мақсат. Ал, Конституциялық референдум сол мақсатқа бастайтын сенімді бағыт.

Олжас ӘДІЛОВ,
«Qazmet» акционерлік қоғамындағы «AMANAT» партиясы филиалының төрағасы

• БОЛАШАҚҚА БАҒДАР

Оң өзгерістер өзегі

Облыстық және қалалық коалиция мүшелері қаладағы ірі еңбек ұжымдарымен кездесіп, алдағы республикалық референдумға шығарылатын жаңа Конституция жобасының негізгі бағыттарын таныстырды.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдымен коалиция өкілдері «Балқаш-НАН» ЖШС ұжымымен жүздесті. Жиында қалалық коалиция жетекшісі Ахат Мүсілімов сөз алып, Мемлекет басшысының 2026 жылғы 15 наурыздағы республикалық референдум өткізу туралы Жарлығынан кейін жаңа Конституция жобасы ресми жарияланғанын атап өтті. Оның айтуынша, құжатты әзірлеуге алты ай бойы депутаттар, сарапшылар, қоғам өкілдері мен ғылыми қауымдастық қатысқан.

– Қоғам тарапынан ұсыныстар e-Otinish және eGov порталдары арқылы қабылданды. Жүйелі талқылау мен сараптау нәтижесінде теңгерімді, жан-жақты жоба қалыптасты. Бүгінде оны халыққа кеңінен түсіндіру мақсатында жалпыұлттық коалиция құрылып, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары басталды, – деді Ахат Мүсілімов.

Кездесу барысында қолданыстағы 1995 жылғы Конституция мен жаңа жоба арасындағы негізгі айырмашылықтарға кеңінен тоқталды. Спикерлердің айтуынша, бұрынғы Ата Заң Тәуелсіз мемлекеттіліктің іргетасын қа-



лағанымен, жаңа жоба заман талабына сай жаңартылған мазмұнға ие. Құжат қазіргі геосаяси ахуалды, қоғамның әділеттілік пен жанану сұранысын ескере отырып әзірленген.

Жаңа Конституция жобасы адамға бағдарланған қағидаттарға негізделіп, ұлттық болмыс пен тарихи сабақтастықты, қоғамдық құндылықтарды басым бағыт ретінде айқындайды. Құрылымдық жағынан да жаңартылған құжат Прембуладан, 11 бөлім мен 96 баптан тұрады. Сонымен қатар, «Қазақстан Халық Кеңесі» және «Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу» атты жаңа бөлімдер енгізілген.

Саяси жаңашылдықтардың бірі – 145 депутаттан тұратын бірпалаталы Парламент – Құрылтайдың құрылуы. Ол пропорционалды сайлау жүйесі арқылы жасақталып, депутаттардың өкілеттік мерзімі 5 жыл болып белгіленбек. Коалиция мүшелері бұл өзгерістер билік тармақтарының тиімділігін арттырып, халық өкілдігінің сапасын күшейтуге бағытталғанын жеткізді. Кездесу соңында еңбек ұжымы өкілдері ұсынылып отырған конституциялық өзгерістерге оң көзқарас білдіріп, құжатты референдум арқылы қабылдаудың маңыздылығын атап өтті.

Осы күні коалиция мүшелері «Балқаш Жылу» ЖШС ұжы-

мымен де кездесу өткізіп, жаңа Конституция жобасының негізгі бағыттары мен ұсынылып отырған өзгерістерін түсіндірді. Жиын барысында конституциялық реформалардың ел дамуына ықпалы, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын нығайтуға рөлі жан-жақты талқыланды.

Айта кетейік, өңірде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын табады. Әрбір азаматтың пікірін тыңдап, мазмұнды түсіндіру жұмыстары жүргізілімекші.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

• ДАМУ БАҒЫТЫ

Стратегиялық тұғырнама

Конституциялық реформа азаматтардың мүмкіндіктерін кеңейтуді көздейді, әрі басқару жүйесіне институционалдық жүктемені де арттырады. Біз технологиялық өзгерістердің жылдамдығы мемлекеттік институттардың бейімделу қарқынынан асып түскен дәуірде өмір сүріп отырмыз. Бұл айырмашылық ескерілмеген жағдайда басқарушылық турбуленттілікке ұшырау қаупі болжамды.

Реформа – құқықтық өзгеріспен қатар, жүйенің жаңа жылдамдықта нәтиже көрсету қабілетін сынайтын кезең. Егер мемлекет өз білім қорын және мәдени өнімін цифрлық кеңістікте қалыптастырмаса, цифрлық инфрақұрылым сыртқы контентпен толады. Бұл жағдайда адами ресурс капиталға айнамай,

тұтынушы деңгейінде қалып қояды.

Капитал өнім жасалған жерде ғана қалыптасады. Сондықтан, әңгіме мәдени іс-шаралар санында емес, қайта адами капиталдың көмегімен өндірілетін, таралу жүйесі бар, өлшенетін, қамтитын, қайталама қолдануға болатын,

уақыт өте келе, құнын арттыратын өнімдер туралы. Бұл – идеологиядан бұрын, экономикалық модель. Конституцияның кіріспе бөлімінде адами капиталды, ғылымды, инновацияны және мәдениетті дамыту – стратегиялық бағыт ретінде айқындалған.

Цифрлық дәуірде адами капитал мобильді. Оны ұстап қалу – институттардың сапасына, интеграциясына және өндірістік мәдени модельге көшуіне байланысты. Тек іс-шаралық модельден мәдени өндірістік модельге көшу, институттардың интеграциясы арқылы адами капиталды сақтау

– мәдениетті шығын бабы емес, экономикалық инфрақұрылымның бір бөлігіне айналдыратыны анық. Референдум жалпы шеңберді белгілегенмен, нақты нәтиже өңірлік деңгейлерде жүйенің білім, цифрлық контент және шешім өндіруге көше алу қабілетіне тікелей байланысты деп айтуға толық негіз бар.

Салтанат ҚАЙЫРБЕК,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Алматы ашық әдеби мектебінің заманауи поэзия курсының оқытушысы

Қарағанды облысының аумақтық референдум комиссиясының құрамы туралы ХАБАРЛАМА

Қарағанды қаласы, Можайский көшесі, 13А, 301 кабинет, телефон 8(7212) 421086, электрондық пошта tic_kar_obl@saylau.kz

Төраға – Нұркенов Қайрат Қаршығаулы
Төраға орынбасары – Асылбекова Саидугаш Сабетқызы
Хатшы – Ақпанова Айғаным Жолшорақызы
Комиссия мүшелері: Абельгазина Айгүл Омарқызы, Қантарбекова Гүлнарайым Хасенқызы, Русаков Евгений Валериевич, Уатай Данияр Оразұлы.

Қарағанды облысының аумақтық референдум комиссиясы

• КӨЗҚАРАС

Әрбір азамат үшін маңызды

Қазақстан Республикасында конституциялық реформаның жаңа кезеңі басталды: Ата Заңның жобасы жарияланды, ал оған қатысты түпкілікті шешімді азаматтар 2026 жылғы 15 наурызда өтетін жалпыхалықтық референдумда қабылдауы тиіс. Аталған тарихи қадам мемлекеттік басқару жүйесін түбегейлі жаңғыртуға және қоғам мен билік арасындағы сенімді нығайтуға бағытталған.



Конституциялық реформаның бастау нүктесі – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанның бірпалаталы Парламентке (Құрылтай) көшуі туралы бастамасы. Мұндай идея 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Жолдауда саяси жүйені кешенді қайта жаңғыртудың элементі және жасанды интеллект дәуірінде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қолдаушы фактор ретінде жарияланды. Парламент құрылымының өзгеруі заң шығару үдерісін мейлінше онтайландырып, мемлекеттік аппараттың жедел жұмыс істеуіне жол ашды.

Екіпалаталы жүйе көбіне жоғарғы палата федерация субъектілерінің мүддесін білдіретін ірі федеративтік жүйелерде кездеседі, ал бірпалаталы – унитарлы елдерге тән. Мәселен, Жаңа Зеландия өз уақытында жүйені онтайландыру және оның тиімділігін арттыру үшін жоғарғы палатаны (Legislative Council) жойған болатын.

Қазақстан – унитарлы мемлекет, сондықтан мұнда субъектілер өкілдігінің бөлек деңгейін құру қажеттілігі жоқ. Парламентте бір күшті палата мен өңірлік мүдделерді ескерудің өзге де тетіктері жеткілікті. Бірпалаталы комитеттердің, қоғамдық консультациялар мен бақылау процедураларының маңызын арттырады. Мұндай парламенттер әлемде көпшілікке ие (Швеция, Норвегия, Дания, Португалия және т.б.). Заңнамалық бастамаларды талқылау кезінде қоғамдық сараптаманың рөлі артып, шешімдердің сапасы жақсара түспек.

Құрылтай депутаттарын сайлау үшін сайлаушылардың саяси таңдауын дәл көрсететін және көппартиялы демократиялық орган қалыптастыруға мүмкіндік беретін пропорционалды жүйе ұсынылады. Осы әдіс саяси партиялар арасындағы әділ бөсеке-лестікті дамытып, Парламентте халықтың барлық жіктерінің мүддесін қорғауға мүмкіндік береді.

Реформаның сабақтастығы мен бүгінгі шындыққа сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында 8 қазанда Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобы құрылды. Жұмыс барысында e-Otinish және eGov порталдары арқылы азаматтар мен ұйымдардан 10 мыңнан астам ұсыныс жиналды.

2026 жылғы қаңтарда өткен Ұлттық Құрылтайдың V отырысында Президент нәтижелерді қорытындылап, жаңарту ауқымы бастапқыда жоғарыдан 40 баптан асып, Конституцияның көптеген бөлімдерін қамтитынын атап өтті. 2026 жылғы 21 қаңтар

А.НҰРЫШЕВ,
Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы бастығының орынбасары, полиция полковнигі

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

«Ораза тұту – тәннің диетасы емес, жанның емі»

Күллі мұсылман қауым асыға күтетін Рамазан айы да келіп жетті. Айлардың сұлтаны – тек ас-судан тыйылу ғана емес, бұл – адамның ішкі «мені» түгендеп, нәпсінің тізгінін тартып, жүректі кірбіңнен арылтатын мерейлі мезгіл. Жаратқанның мейірімі төгіліп, жақсылыққа ұмтылыс күшейетін бұл айда әрбір жан өз-өзіне үйіліп, өткеніне есеп беріп, болашағына бағдар жасайды. Қасиетті Рамазан – сабыр мен шүкірдің, мейірім мен кешірімнің айы. Оразаның мәні мен маңызы қандай? Арқа жұртының рухани ахуалы қалай? Осы және өзге де сауалдар төңірегінде ҚМДБ Қарағанды облысы бойынша өкіл имамы Естай Айтуғанұлымен әңгіме өрбіттік.



– осы қарбаластағы тыныштық пен үйіліс. Ауыз бекіту, намаз оқу, Құран оқу арқылы адам өз бойындағы теріс эмоцияларды ретке келтіріп, жүрегің тазалайды.

– Қазіргі қоғамда «тән саулығы» трендте. Десе де, Рамазан – тән емес, жанның емі дейміз. Аштық пен шөл арқылы адам өз еркіндігін қалай сезіне алады?

– Қасиетті Рамазан айы адамның руханиятын көптеген жақсы қасиеттермен өрнектейді. Солардың кейбіреулеріне тоқтап өтетін болсақ:

Біріншіден, Рамазан тақуалыққа жетелейді. Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімде: «Уа, иман келтіргендер! Тақуалық естеріңдер деп сендерден бұрынғыларға парыз етілгендей, сендерге де ораза ұстау парыз етілді», – деп айтқан («Бақар» сүресі, 183-аят).

Олай болса, қасиетті Рамазан айында ораза ұстау арқылы пенденің тақуалығы арта түседі. Ораза ұстау кезіндегі ниеттің, атқарылатын ізгі амалдардың, көркем мінездің барлығының да мақсаты тақуалыққа қол жеткізу. Екіншіден, Рамазан күнәдан тазартады.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің хадисінде: «Кімде-кім Рамазанда иманмен және сауабынан үміт етіп, ораза ұстаса, оның өткен күнәлары кешіріледі», – деп айтқан (имам Бұхари).

Қазақтың кемеңгері Шәкәрім Құдайбердіұлы қажы бабамыз «Мұсылмандық шарты» атты еңбегінде: «Уа, достар, оразаға қалайша салақыпсыз? Оны да парыз емес демейміз. Қарнымыз ашады десек дүние ісі үшін неше күндер аштыққа, қиыншылыққа шыдай-тұғынымыз қайда? Және ораза тұтқанда аузымызға не келсе, соны сөйлеп, күнә сөзден, істерден тыйылмай жүріп ұстайтұғынымыз қалай? Құдай тағаланың

он бір айы біздің күнә істеуімізге жетпеді ме? Осы бір ғана айды күнә жасамай, шамамыз келгенше құрметтеп өткізуге шыдай алмағанымыз қалай?» – дейді. Демек, адам баласы бұл айда ораза ұстаумен қатар, күнә атаулыдан тыйылып, өткен күнәлары үшін таубе етіп, Жаратушыдан кешірім тілеуі қажет. Сонда ол адамның күнәсі кешірілумен қатар, үлкен сауапқа ие болады.

Ораза өзінің құлшылығы мен орындалуы және сауап тұрғысынан басқа ғибадаттардан ерекше саналады. Себебі, Алла Тағала оразаның тек өзі үшін орындалатын риясыз амал екенін, әрі оның «сауабын өзі беретінін» айтқан.

Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Алла Тағала былай дейді: «Адам баласы оразадан басқа кез келген ісін өзі үшін орындайды, ал ораза – Мен үшін және оның сауабын өзім беремін», – дейді (имам Бұхари).

Рамазан – жанның саулығы айы. Ауыз бекіту арқылы адам нәпсінің бақылап, өз қалауларын саналы түрде реттейді. Бұл еркіндікті шектеу емес, керісінше, ішкі еркіндікке жетудің тәсілі. Аштық пен шөл арқылы адам өз еркіндігі мен тәуелсіздігін сезініп, рухани күш жинайды.

– Рамазан – қайырымдылық айы дейміз. Бірақ кейде біз мұны тек материалдық көмек (ас беру, ақшалай садақа) ретінде ғана түсінетін сияқтымыз. Қайырымдылықтың негізгі өлшемі қандай болуы керек?

– Рамазан – қайырымдылық айы. Кімде-кім Рамазан айында кедей-кепшік, жетім-жесірлерге қол ұшын созып, көмек көрсетсе, Алла оның сауабын еселеп беретіні сөзсіз. Алла Тағала Құран Кәрімнің «Ниса» сүресінің 127-аятында айтқандай: «Қайырдан не істесендер де, сөзсіз Алла оны күдіксіз біледі», – дегендей бұл қасиетті айда жағдайы төмен

мұқтаж жандарға қол ұшын беру – үлкен сауап. Қасиетті Рамазан айында садақа беріп, қайырымдылық жасау ең сауапты да, қайырлы істердің бірі болып саналады. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадисінде: «Рамазанның берекесі – мейірімділік көрсету мен ізгі амалдар жасаумен арта түспек. Жетім мен жесірде, жок-жітікке қарайласу мұсылманның мерейін үстем қылады. Жетім мен жесірдің ас-суы мен киім-кешегі үшін көмек қолын созған кісі Алла жолында жиһад жасағанмен, әр түнін намаз оқып, күндізін ораза ұстаумен өткізген адам сияқты», – деп айтылғандай, қасиетті айда қайырымдылық жасауымыз керек. Адамның жанын түсіну, қолдау көрсету, дұрыс бағыт көрсету де қайырымдылыққа жатады. Сонымен қатар, игілікті қайырымдылыққа – қоғамға пайдалы идеялар мен білімді тарату, ал, моральдық қайырымдылық – әділдік, құрмет және жанашырлық арқылы көрінеді.

– Облыс көлемінде атқарылатын іс-шаралардың ауқымы қандай? Мешіт бүгінде тек құлшылық орны емес, қоғамдық мәселелер шешілетін орталыққа айнала алды ма?

– Әрине, Қарағанды облысында Рамазан айында көптеген игі іс-шаралар лек-легімен жүзеге асады. Атап айтқанда: «Рамазан қоржыны», «Ауызашар себеттері», «Қош келдің, Рамазан», «Тегін такси» қайырымдылық акциялары, сондай-ақ, «Ел үлесі – потерге», «Тайқазан», «Жылу сыйла», «Көршіңе қарайлас» секілді жетелі жобалар халықтың бірлігін арттыруға бағытталған. Бұл шаралардың негізгі мақсаты – қоғамда мейірімділік пен өзара көмек мәдениетін қалыптастыру. Әсіресе, әлеуметтік тұрғыдан осал топтарға қолдау көрсету арқылы қоғамдағы жанашырлық пен жауапкершілік сезімін нығайтуды көздейміз. Рамазан айындағы мұндай баянды бастамалар адамдарды жақындастырып, ағайын арасындағы татулықты бекемдейді. Қайырымдылық арқылы әрбір азамат ортақ іске үлес қосып, елдіктің күшеюіне себепші бола алады.

– Сөз соңында Рамазан айында Арқа жұртына айтар тілегіңіз...

– Алла Тағала қасиетті Рамазан айында ұстаған оразамызды, жасайтын құлшылықтарымыз бен қайырымды істерімізді қабыл еткені! Елімізге тыныштық, отбасымызға береке беріп, айдан аман, жылдан есен өтуді баршамызға нәсіп етсін! Әмин!

Сұхбаттасқан
Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»
Сурет кейіпкердің
жеке мұрағатынан

• КЕЗДЕСУ

Тарихтың жаңа парағы

Атажұрттың алтын босағасын аттап, тағдыр мен тағылым тоғысқан тұста туған жерге табан тіреген ағайынның қуанышы – елдіктің белгісі. «Ел қонысын тапса, ер ырысын табады» деп дана халқымыз бекер айтпаса керектігі. Бөкетов ұлттық университетінде «Елге ел қосылса – құт» атты республикалық мәдени-танымдық кездесу өтті. Алқалы жиын осы бір қасиетті хәм кастерлі көштің 35 жылдық белесін ұлықтауға арналды. Тарихтың жаңа парағын қаттап, бауырды бауырмай табыстырған бұл кеш рухани жаңғыру мен ұлттық тұтастықтың жарқын көрінісіне айналғаны кәдік.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тәуелсіздік таңы атып, күт мекеннің қақпасы айқара ашылған сәтте халқымыз әлемнің әр түпкірінде тарыдай шашылған әр ұл-қызын атамекен құшағында қуанышпен қарсы алды. Бұрнағы бабалар аманаты салтанат құрған мерейлі мезеттен – күні бүгінге дейін көштің бұйдасы үзілген емес.

Жиында сөз алған Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының кеңесшісі Алматы Алтай осыдан 35 жыл бұрын бастау алған тарихи көштің мән-мағынасына тоқталды.

– 1991 жылдың наурыз айында Моңғолиядан келген алғашқы ресми көш бүгінгі Тәуелсіздігіміздің жылнамасында айрықша парақ болып қала бермек. Был осы игі үрдіске – 35 жыл. Ұлы көш – шекара асып қана қоймай, жүректенді жалған алтын көпір, ұрпақ сабақтастығын бекемдеген рухани жаңғыру. Сондықтан, өткеннің өкініші деп емес, болашақтың берік іргесін қалаған ұлт тарихындағы ұлы бетбұрыс деп есептейміз, – деді Алматы Тұрсынбекұлы.

Қарағанды облысы қандастар көші басталған алғашқы жылдардан-ақ бауырларға құшағын айқара ашты. Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Дархан Жиенбаев өңірдің осы тарихи миссиядағы рөлін нақты деректермен өрнектеді.

– 1991 жылы Моңғолиядан келген алғашқы көштің құрамындағы 1093 адамның 343-і дәл осы Қарағанды облысына қоныстанған екен. Бүгінде өңірімізде 9 мемлекеттен келген 7 мыңнан астам қандасмыз (кей деректер бойынша облыстағы жалпы саны 100 мыңнан асады) өмір сүріп жатыр. Олар өңірдің экономикасына, мәдениеті мен біліміне зор үлес қосуда, – деді Дархан Сәулеханұлы.

«AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков өз кезегінде елге оралған ақеділ ағайынның ұлттық рух пен құндылықтарды сақтаудағы маңызын тілге тиек етті. Конституциялық реформаларды жүзеге асыру барысында белсенділік танытып, маңызды өзгерістердің басы-қасында болған Бекзат Қомарұлы бұл реформалардың негізінде «Адам – мемлекеттің басты байлығы» деген қағида жатқанын алға тартты. Ол Ата Заңға енгізілген толықтырулардың әділетті, ашық, халқына құлақ асатын мемлекет құру жолындағы стратегиялық маңызын жастарға жан-жақты түсіндірді.

Бүгінде елімізде мемлекетті басқару жүйесін жаңғыртуға бағытталған маңызды өзгерістер қабылданып жатқанын, бұл үдерісте адам капиталына басымдық берілгенін жеткізді.

«Біздің келешекке апаратын ең басты байлығымыз бен сенімді бағдарымыз – сіздер, яғни, жастар. Ата Заңымыздың аясындағы жаңа белестер әрбір азаматтың, соның ішінде, тарихи Отанына оралған қандас бауырларымыздың әлеуетін ашуға бағытталған. Жаңарған мемлекеттің жауапкершілігі сіздерде екенін терең сезінулеріңіз қажет», – деп атап өтті Бекзат Қомарұлы.

Жиынның ажарын ашып, мазмұнын байыта түскен мәдени бағдарлама да жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Сахна төрінде «Арқа сазы» фольклорлық ансамблінің өнерпаздары күмбірлеген күй мен әуезді ән сыйлап, ұлттық өнердің құдіретін паш етті. Сондай-ақ, белгілі әнші, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының облыстық филиалының төрағасы Меруеш Шайы да әсем ән әулетіп, көштің көркінін қыздырды.

Әрі қарай кездесудің тағы бір маңызды бөлігі – атажұртқа білім іздеп келген жастардың ой-толғауы. Университеттің Үздіксіз білім беру институты бүгінде этникалық қазақ жастарын отандық білім жүйесіне бейімдеудің бірегей орталығына айналған. Оқу орнында жастарға тек білім ғана емес, әлеуметтік және рухани қолдау да көрсетіледі. Институт тыңдаушысы Айжібек Повед көпшілік алдында тебіреніске толы алғыс сөзін айтты.

– Бізді атамекенімізде жатқынбай, өз баласындай бауырына басқан қара шаңырағымызға – Бөкетов ұлттық университетіне, оның ішінде, Үздіксіз білім беру институтының ұжымына алғысымыз шексіз. Мұндағы әрбір маман біздің білімімізді ғана емес, жатақханадағы жай-күйіміз бен тұрмыстық жағдайымызды да үнемі қадағалап, шынайы қамқорлық танытып отырады. Мұндай жылылық пен тұрақты қолдау бізге болашақта білікті маман болып, еліміздің гүлденуіне адал қызмет етуге зор сенім мен асқақ серпін ұялатады», – деп ағынан жарылды ол.

Сонымен қатар, мерейлі жиында орай университет қабырғасында ұлттық колорен көрмесі ұйымдастырылды. Ал, мазмұнды кеш соңында барша қорыменге Әлімхан Ермеков туралы «Алаштың ақырғы ақындығы» атты деректі фильм ұсынылды.

• ҚАЙЫРМДЫЛЫҚ

Мешіттен жеткен мейірім

Қасиетті Рамазан айы – мейірім мен шапағаттың, кешірім мен қайырымдылықтың айы. Бұл – жүректен жұмсарып, жандар жақындасатын, сауапты істерге ұмтылыс күшейетін ерекше кезең. Осындай берекелі күндердің қарсаңында сауапты істің бірі Қарағанды облысының білім басқармасына қарасты «Әсем» балалар үйінде жалғасын тапты.

Жақында Қарағанды өңірінің бас имамы Естай қажы Айтуғанұлының ұсынысымен Төле би мешітінің бас имамы Рашид Орысбайұлы бастаған дін өкілдері аталған балалар үйіне арнайы барып, игі тілектері мен сый-сияпаттарын жеткізді. Айта кету керек, бұл шара – бұрыннан жалғасып келе жатқан қайырымдылық көмектердің жалғасы. Мешіт қызметкерлері балаларға базарлық жасап, жеміс-жидектер мен тұрмыстық ыдыс-аяқтар тарту етті.

1999 жылы ашылған бұл шаңырақ талай тағдырды түлетіп, талай баланың үміт отын өшірмей, талабына қанат байлады. Содан бері ата-ананың қамқорлығынсыз қалған қаншама бала осы жерден білім

алып, тәрбие көріп, өмір жолына қадам басты. Сан сынақ пен сан кезеңнен өткен мекеме бүгінгі күні де өз жұмысын абыроймен жалғастырып келеді. Балалар үйінің директоры Светлана Прокопьевна қонақтарды жылы қабылдап, көрсетіліп отырған қолдау үшін ризашылығын білдірді.

Балалар үйінде бүгінде 40 бала тәрбиеленуде. Бірге туған үлкен-кіші балаларды белмейді, бәрі бір шаңырақ астында бірге өседі. Бұл жас ұрпақтың бойындағы бауырмалдық пен жанашырлықтың жібірн үзбеуі үшін де керек. Әр балаға түрлі мамандар қарап, жан-жақты қолдау көрсетіледі. Білім алуына, денсаулығына, шығармашылық қабілетін дамытуына



барлық жағдай жасалған. Яғни, бұл – жай ғана мекеме емес, мейірімге негізделген орта, үмітке бастар ұя.

Рамазан – тек ауыз бекітіп, ас-ауқатты шектеу ғана емес. Ол – жүректі тазарту, мұқтажға қол ұшын созу, жетімнің басынан сипау. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жетімге қамқор болудың сауапты іс екенін талай өсиет еткен. Сондықтан осындай игі бастамалар қоғамдағы имандылықтың артып, рухани тұтастықтың нығайып келе жатқанын аңғартады.

Балалар – елдің ертеңі. Олардың жүзіндегі күлкі – біздің ортақ аманатымыз. Рамазан айының нұры әр шаңыраққа шаттық, әр жүрекке жылу, әр балаға сенім сыйласын. Қайырымдылық пен жанашырлық жолы үзілмей, сауапты істер көбейе берсін.

Қуаныш ЕСМАҒАМБЕТОВ,
Төле би мешітінің наиб-имамы
ҚАРАҒАНДЫ

Сурет автордан

Ерлік үнсіз жасалады

(Соңы. Басы 1-бетте)

Заманауи техника, сүңгуірлер, әлемдік тәжірибе

Акция барысында қатысушыларға құтқару қызметінде қолданылатын заманауи жабдықтар таныстырылды. ТЖД қызметкерлерінің мәліметінше, бүгінде пайдаланылатын құралдардың басым бөлігі халықаралық стандарттарға сай және әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылады. Барлық арнайы жабдық мемлекет тарапынан қамтамасыз етіледі.

Суасты іздестіру жұмыстарына арналған «Гном» жүйесі – бейнекамера мен эхолотардан тұратын құрылғы. Алайда, оның тиімділігі судың мөлдірлігіне байланысты. Өңірдегі көптеген су айдындарында көріну деңгейі 20-30 сантиметрден аспайтындықтан, сүңгуірлер көбіне тактильді әдіспен, яғни, қолмен сипап іздеу арқылы жұмыс істейді.

Сүңгуірдің арнайы шлемі 18 килограмм салмақ тартады. Осындай заманауи жабдықпен 60 метр тереңдікке дейін түсуге болады. Қызметкерлер 12 метрге дейін еркін сүңгі алады, одан әрі тереңдікке түсу үшін міндетті медициналық тексеруден өтеді. Мамандар арнайы дайындықтан өтеді және тәжірибелі нұсқаушылардан білім алады.

«Ақылды» құрылғы өрттен сақтайды

Сонымен қатар, өрт қауіпсіздігіне қатысты түсіндіру жұмыстары да кеңінен қамтылды. ТЖД қызметкерлерінің мәліметінше, халыққа арналған түрлі жадынамалар дайындалған. Онда жеке тұрғын үйлер мен көпқабатты үйлердегі өрт қауіпсіздігі ережелері нақты көрсетіл-

ген. Түсіндіру жұмыстары тек тұрғын үй секторында ғана емес, ұйымдарда, мектептерде және балабақшаларда да жүргізіледі. Мұндағы негізгі мақсат – әр адамды өрт болған жағдайда қалай әрекет ету керектігінен, оны қалай сөндіруді, өрт сөндіру құралдарын пайдаланудан хабардар ету. Газ баллондарын пайдалану ережелері бойынша да арнайы жадынамалар бар. Балаларға арналған «Сіріңке – ойыншық емес» тақырыбындағы ескертпелер, сондай-ақ, автокөлік иелеріне арналған қауіпсіздік паракшалары әзірленген.

Өрбір өрт сөндіру құрал-жабдығының артында нақты бір оқиға, белгілі бір өрттің тарихы жатыр. Сондықтан, тұрғындарға пәтерге немесе үйге түтін датчигін орнату ұсынылады. Құрылғының бағасы маркетплейстерде шамамен 5 000 теңге шамасында. Датчик батареямен жұмыс істейді (әдетте үш батарея). Орта есеппен батарея 3 айға дейін қызмет етеді. Қуаты азая бастағанда, құрылғы әр 30 секунд сайын дыбыстық белгі беріп, батареяны ауыстыру қажет екенін ескертеді. Датчик іске қосылған кезде қатты дыбыстық сигнал береді. Арнайы тексеру батырмасын басқанда, құрылғы үздіксіз дыбыс шығарып, жұмысқа дайын екенін көрсетеді. Батареяны ауыстыру да қиындық тудырмайды.

Өрттің алдын алу – әр азаматтың жауапкершілігі. Қарапайым қауіпсіздік шараларын сақтау арқылы көптеген қайғылы жағдайлардың алдын алуға болады. «Құқық тәртібі әліппесі» акциясы осы мақсатты күшейтіп, қоғам мен құтқарушылар арасындағы сенімді нығайтуды көздейді.



Қарағанды қаласында өртке қарсы қызмет 1925 жылдан бастап жұмыс істей бастады. Ал, 1934 жылы қала мәртебесі берілген кезде алғашқы өрт сөндіру автокөлігі жеткізілді. Ол «ОМО» деп аталған. Ардагерлердің айтуынша, бұл көлік жетілдірілмеген болатын: өртке шыққанда жауынгерлер көліктен құлап кетпеу үшін металл тіректерге арқанмен байлануға мәжбүр екен.

Өрт-техникалық орталықтағы экскурсия шамамен бір сағатқа созылады. Экспонаттармен таныстырудан кейін келушілерге өрт қауіпсіздігі тақырыбында бейнефильм көрсетіледі. Әр аудиторияға арналған бейнематериалдар әртүрлі: бастауыш сынып оқушыларына, жоғары сынып оқушыларына, студенттерге және мамандарға арналған жеке бағдарламалар бар.

Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру басқармасы бастығының міндетін атқарушы, полковник Нұралы Смағұловтың айтуынша,

«Өрттің алдын алу – әр азаматтың жауапкершілігі. Қарапайым қауіпсіздік шараларын сақтау арқылы көптеген қайғылы жағдайлардың алдын алуға болады. «Құқық тәртібі әліппесі» акциясы осы мақсатты күшейтіп, қоғам мен құтқарушылар арасындағы сенімді нығайтуды көздейді.

қызметтер бірлесіп әрекет етеді. Өрбір нысанның орналасқан жері картаға белгіленген. Қай жерде техника бар, қай аумаққа қосымша күш қажет – барлығы жедел штаб арқылы анық көрініп тұрады. Кей жағдайларда тікұшақтар да қолданылады.

Кәсіби шеберлік шындалатын алаңда

Қарағанды қаласының өрт сөндіру қызметі полигонындағы өрт сөндірушілерді даярлауға арналған арнайы оқу-жаттығу кешені таныстырылды. Бұл нысан – өртке қарсы қызметтің тәжірибелік дайындығы өтетін негізгі алаң. Мамандардың айтуынша, дәл осы жерде кәсіби шеберлік қалыптасып, құтқарушылар шынайы жағдайға барынша жақын ортада машықтанады.

Полигонда оқу-жаттығу кешенімен қатар «Психологиялық дайындықтың отты жолағы» орналасқан. Кешен өрт сөндірушілер мен құтқарушыларды шектеулі кеңістікте, қою түтін мен улы газ толы ортада жұмыс істеуге үйретуге арналған. Мұнда конструкциялардың құлауы, қатты түтіндену секілді төтенше жағдайлар



жасанды түрде модельденеді. Қызметкерлердің міндеті – шығу жолын табу, зардап шеккен адамды құтқару және өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Мамандардың сөзінше, адам шығыны көбіне тыныс алуға жарамсыз ортада жұмыс істеу кезінде орын алады. Мұндай бағыттағы дайындықтың маңызы ерекше. Аталған модуль 15 жыл бұрын орнатылған. Қарағанды қаласы бұл кешенді республика бойынша алғашқылардың бірі болып іске қосқан. Оны орнатуға Санкт-Петербург пен Киев қалаларынан арнайы мамандар шақырылған. Осылайша өңір өрт сөндірушілерді заманауи талапқа сай даярлауда алғашқы қадам жа-

саған аймақтардың біріне айналды.

Кешеннің тағы бір маңызды бөлігі – «Психологиялық дайындықтың отты жолағы». Бұл екі нысан қатар қолданылғанда қызметкерлердің физикалық төзімділігімен қатар психологиялық тұрақтылығы да сыналады. Алғашқы сынақтан барлығы бірдей өте бермейді. Мұндай жағдайда мамандар әр қызметкермен жеке жұмыс жүргізеді. Егер мәселе физикалық дайындыққа байланысты болса, қосымша жаттығулар ұйымдастырылады. Ал психологиялық кедергілер анықталса, арнайы қолдау көрсетіледі. Тәжірибе көрсеткендей, кейін көпшілігі сынақтан сәтті өтеді.

Бұрын мұндай жаттығулар қарапайым тәсілмен өткізілетін. Бос тұрған ғимараттарға түтін жіберіліп, сол жерде машықта-



руға мүмкіндік бар.

Сонымен қатар, қатысушылардың қауіпсіздігі толық бақылауда. Кешенге кірген сәттен бастап шыққанға дейінгі әр кезең қадағаланады. Қажет болған жағдайда желдету жүйесі іске қосылып, жедел көмек көрсетіледі. Бүгінде осындай кешендер еліміздің өзге өңірлерінде де бар. Дегенмен, Қарағанды бұл бағытта алғашқылардың бірі болып, тәжірибелі бастап берген өңір ретінде ерекше аталады.

Қатысушылар құтқарушылардың тәжірибелік мүмкіндіктеріне тікелей куә болды. Орман алқабында кинологиялық есептің көмегімен шартты зардап шеккенді іздеу сәті көрсетіліп, арнайы дайындықтан өткен қызметтік итердің із кесу, адамды табу және белгі беру қабілеті таныстырылды. Бұл – табиғи ортада жоғалған азаматтарды жедел іздестіруде аса тиімді тәсіл екені айтылды. Сондай-ақ, қыс мезгіліндегі сүңгуірдің суға түсу үдерісі көрсетіліп, мұз астындағы іздестіру-құтқару жұмыстарының



құрделілігі түсіндірілді. Қатысушылар сүңгуірлік жабдықтардың мүмкіндігін, қауіпсіздік талаптарын және су астында жұмыс істеудің ерекшеліктерін көрді.

Бұдан бөлек, гидравликалық және авариялық-құтқару құралдарының мүмкіндіктері таныстырылып, жол-көлік оқиғалары мен түрлі апаттар кезінде адамдарды қысылған темір құрсаудан босату тәсілдері көрсетілді. Арнайы қайшылар, кескіштер мен созылғы құрылғылардың көмегімен құтқарушылардың санаулы минуттар ішінде жедел әрекет ете алатыны дәлелденді.

Осылайша, акцияның тәжірибелік бөлімі төтенше жағдайлар қызметінің кәсіби даярлығы мен техникалық әлеуетін

Полигонда оқу-жаттығу кешенімен қатар «Психологиялық дайындықтың отты жолағы» орналасқан. Кешен өрт сөндірушілер мен құтқарушыларды шектеулі кеңістікте, қою түтін мен улы газ толы ортада жұмыс істеуге үйретуге арналған. Мұнда конструкциялардың құлауы, қатты түтіндену секілді төтенше жағдайлар жасанды түрде модельденеді. Қызметкерлердің міндеті – шығу жолын табу, зардап шеккен адамды құтқару және өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

ну жүргізілетін. Бұл әрі қауіпті, әрі экологиялық тұрғыдан тиімсіз еді. Қазіргі оқу-жаттығу кешені толықтай экологиялық қауіпсіз. Зиянды шығарындар болмайды, оны қала ішінде де орналасты-

айқындап, олардың кез келген жағдайда адам өмірін сақтап қалуға дайын екенін көрсетті.

Суреттер ұйымдастырушылардан



• МЕРЕЙ

Парасатты аға

Ерсін МҮСАБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы қыстың құбылмалы ауа райы елді алаңдатып тұр. Аязы ақырып, ауа температурасы сынап бағанының соңғы шкаласына қарай сырғып кетпесе де, жылымықпен алмасқан күннің райы тіршілік атаулының күйін қашырады.

Ақпанда жаздың жауынындай төгіп берген жаңбыр алаңдатпай қойсын ба?! Сәуірге дейін қары мызғаймайтын Арқаның даласы мұз айдынына айналып шыға келген.

— Апыр-ай, мұның арты қалай болмақ? Қырдағы ағайынның халі нешік болар екен? Әуелі арына, сонан соң малына сенген ауыл шаруасы таяқ ұстап қалмаса жарар еді...

Жетпіс деген жасыңыздың жуан ортасындағы жотаға ат шалдырған Тұрар аға әлі де жеңіл қозғалып, ширақ қимылдайды. Тіл-көзден сақтасын, елуден енді аскандарды екі орап алатын екпіні бар. Бірақ, бүгін еңсесі еңкіш тартып, көңілі құлазыңқырап қалғанға ұқсай ма... Иә, ел қиналса, ет жүрегі езіліп кетердей болып өзі де қиналатын бар-ды. Бүгінгі төпелей жауған жауын жанын жаншып тұр-ау шамасы.

— Көктемде жауса, жазда нөсерлетсе, Алланың нұры дейтін едік. Ал, мынау ақпандағы ақ жауын Алланың қыры болмаса не қылыс...

Тағы да күйгелектеніп, өзінен-өзі күбірлеп жүр. Елагасының бұл беймаза күйі сырт көзге оғаш көрінгенмен, Тұрар ағаны жақсы танытандар үшін еш сөкеттігі жоқ дағдысы еді. Өйткені, ол елін емірлене сүйеді. Ат жалын тартып мінгелі еліне адал қызмет етті. Ауылда туды, қаншама жыл ауыл шаруашылығы саласында абыройлы қызмет етті. Жылдың төрт мезгіліндегі ауа райы Тұрар аға үшін тәуліктің жиырма төрт сағатында да ойынан шықпайтын маңызды құбылыс болатын.

Иә, ақпанда жауған ақ жауын жалғыз Түрекенді емес, елдің бәрін алаңдатып отыр. Сонда да, Тұрар ағаның кейбір замандастары «Тайып құлап, мертігіп қалмақ екен», — деп, сыртқа шықпай отырғаны жасырын емес-ау. Ал, мемлекеттік қызмет ардагері, ауыл шаруашылығы саласының білікті ұйымдастырушысы Тұрар Ахметұлы қарақан басының емес, қара орман халқының жай-күйіне алаңдап, жаны жай таппай отыр.

Елжандылығы шығар, елді ойлап елендейді. Ауыл халқы үшін мына жауын жұттың белгісі болмаса екен!

Отағасының алаң көңіл, беймаза күйін үйдегілер бірден аңғарды. Зина жеңгей жұбайының нені ойлап, не үшін мазасызданып отырғанын сол сәтте сезген. Өйткені, ауа райына қарап төл төгінін де, егін орағының түсімін де, малдың қоңын да алдын-ала бағамдап оты-

ратын Тұрар ағаның жылдар бойғы дағдысын жаттап алған. Түрекен болса, тағы да:

— Апыр-ай, қалай болар екен? — деп, терең күрсініп алды да, Зина жеңгей ұсынған кесеге қолын сөзшілік атаулының күйін қашырады.

Ес білгелі дағдысы — осы. Елді есінен шығарған кезі жоқ. Қырдағы шаруаның, қырмандағы диқанның қарбалас тірлігі, қымқуыт бейнеті көз алдына келіп, ойына шырмала береді.

Өткен өміріне өкініші жоқ бір адам болса, ол — Тұрар Ахметұлы Алтынбеков. Жаза басып, ката сөйлеген кезі жоқ. Бойына атаның күші, ананың сүтімен дарыған адалдығынан айнымай, «ақырын жүріп, анық басудың» баспалдақтарынан сүрінбей өтті. Жіліктің майлы басындай лауазымды қызметтер атқарды. Бірақ, асақтап кетпепті. Халық алдындағы міндетін, мемлекет алдындағы жауапкершілігін парасат-пайыммен түйсініп, қарапайым қалпынан айнымады. Қарашыл түлпардай халыққа жақын болды.

...Абай ауданының әкімі кезі. Сол кездегі тәртіп-талап бойынша әкімдер халық алдында есеп беретін. Өткен мерзімнің атқарылған жұмысын саралап, алдағы күннің межелі жоспарын нақтылайды.

Аудан орталығындағы жалғыз қазақ мектебі қаңырап қалған ықшам ауданда, терезелері үрейген көпқабатты үйлердің ортасында қалған. Мектеп жұмыс істеп тұр. Өйткені, басқа қазақ мектебі жоқ. Аудан әкімі болып енді ғана тағайындалған әкім үшін бұл мектептен басқа да проблема жетіп-артылады. Мәселен, қала көшелеріндегі асфальт жолдар жоққа тән. Ауыз су кешкі мезгілде үш сағат қана беріледі. Коммуналдық қызмет мекемесінде 3 қызметкер, жалғыз «МТЗ», қоқыс шығаратын 5 тіркеме бар. Балабақшалар жұмысын тоқтатқан. Бұрынғы 60 мың тұрғынның 24 мыңдайы ғана қалған. Нақты айтқанда, Абай қаласының байырғы тұрғындарының үштен-бірі басқа жаққа қоныс аударып кеткен. «Арқада қыс жайлы болса, арқар ауып несі бар?» демекші, Абайда тұрмыс жайлы болса, осынша халық үдере көше ме?

Бұған дейін екі жыл аудан әкімінің орынбасары болған Тұрар Алтынбеков үшін мұның бәрі бейтаныс проблема емес еді. Көзі қанық дүние болғанымен, қаржы тапшылығы қолбайлау болып тұр. «Өтпелі кезеңнің» салқыны шарпымаған қала, аудан бар ма еді? Абай ауданы да — сондай ауданның бірі. Облыс орталығымен қоныс қонған ауданның жағдайы осынша мүшкіл халге түседі деп кім ойлаған?! Сонда да Тұрар Ахметұлы



бұрынғы әкімнің жұмысын жоққа шығарып көрген емес. Уақыт таралғы еткен заманның жүгі сондай ауыр еді.

Қыруар мәселемен бетпе-бет келіп, күні-түні тынбай еңбек етіп жүріп, Тұрар аға әлгі жалғыз қазақ мектебінің жағдайына қатты алаңдайтын. Кезекті есеп беру жиынындағы ақсақалдың кішкентай немересін жетектеп келіп:

— Әкім мырза, мен мына немеремнің жағдайына қатты алаңдаймын. Қаңыраған ықшам аудандағы бақысың моласымдай жалғыз қалған қазақ мектебінде оқимыз. Әсіресе, қыс мезгіліндегі қысқа күнде сол мектептен мына бала үйге оралғанша, ішкеніміз ірің, жегеніміз желім болады. Әрине, мектепке өзіміз апарып, шыққанда күтіп алып жүрміз. Кейде оның өзі мүмкін болмай қалады. Осы мектепті қала орталығына қарай ауыстырудың реті қалай болар екен? — деген талап-тілегі құлағынан кетер емес.

Сол ақсақалдың сөзі, сол күнгі шарасыз күйі өзінің ата-анасы туған ауылындағы Нілді орта мектебіне жетектеп апарып:

— Мынау — Сәкен Сейфуллин бабаң оқпаған мектеп. Сұңқар Сәкендей халқыңа адал қызмет ететін азамат бол! — деген ақ баталарын есіне түсірген. Ол мектеп алақандай ауылдағы мектеп болатын. Өзі барып, өзі келеді. Ал, мына ақсақалдың немересі XXI ғасырда қаңыраған үйлердің ауласынан өтіп, қоныс үйінділерінен өрмелеп өтіп, қатынап жүр.

Аз уақытта ауыз су мәселесін шешіп, қала көшелерін асфальттаудың ретін тапқан. Ауыз су қалаға тәулік бойы берілетін жағдайға жеткен. Оның өзінде ауыз су құбырларының жобалау құжатта-

ры жоқ. Қай құбырдың қайдан шығып, қайда баратынын ешкім білмейді. Жаппай жаңалауға қаржы тапшы. Сол кезде қаланың байырғы тұрғындарын — жергілікті ақсақалдарды іске жұмылдырып, оларға «Аудан әкімінің штаттан тыс кеңесшісі» деген көк куәлік беріп, бұл күрделі ахуалдың да құрмеуін шешіп еді. Ал, мына мектеп мәселесінің орайы келер емес. Қазақ мектебі мүлде жоқ болса, жөні басқа болар еді. Мектеп тұр. «Бір мектеп азық етеді» деген желеумен қаражат сұраса, Абай қаласы тұрғындарының дені — өзге ұлт өкілдері. Жергілікті ұлт өкілдерінің үлесі — аз.

Абырой болып, сол жылдары Қазақстан Үкіметінің «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы қабылдана қалғаны. Облыс әкімі мен кіріп, Астанаға шапқылап, Сенат депутаттарын жұмылдырып, Үкіметтің табалдырығын тодырып жүріп, осы бағдарламамен салынатын 100 мектептің алғашқысын Абайға салдырған Тұрар Ахметұлы болғанын абыайықтар күні бүгінге дейін ұмытқан жоқ.

Тұрар Ахметұлының кемеліне келіп, нағыз ел ісіне еге болатын шағы әлгінде атап өткен «өтпелі кезеңнің» реформалар дәуірімен тұспа-тұс келді. Күрделі кезеңде күнмен таласа тұрып, түн қатып қызмет істеуіне тура келді. Сәт сайын жаңарып, қоғам өзгеріп жатқан уақыт сенің самарқаулығыңды кешіре ме? Осыны ерте түсінген Тұрар аға бойына туа біткен сергектігі мен жауапкершілігінен бір сәтке де жырақтамай еңбек етті.

...Мектеп бітірген жылы Жаңарқадағы №178 кәсіптік-техника-

лық училищенің механизаторлар даярлайтын алты айлық курсың бітіріп келіп, еңбек жолың туған ауылыңда тракторшы болып бастады. Ол кезде Әспен кеніші кен қорының түгесілуіне байланысты жабылып, бұрынғы жұмысшылар кенті совхоз орталығына айналған. Туған жерінде бір жарым жыл жемісті еңбек етіп, 1970 жылы Қазтұтыну одағына қарасты Қарағанды кооперативтік институтына түсіп, оны 1974 жылы бітірді. Сол жылдан бері ат үстінде. Әуелі Шет аудандық тұтыну одағында есепші-ревизор, одан кейін Ақадыр аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында аға экономист, ҚазКСР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жезқазған облысы, Ақадыр ауданы бойынша ақпараттық-диспетчерлік тобының меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарды.

Жігерлі жастың бойындағы терең білім, берік жауапкершілік аудан басшылығының назарына ілініп, ол партиялық қызметке шақырылды да, Одақ тарқағанша Тұрар Ахметұлы Ақадыр аудандық партия комитетінде, Жезқазған облыстық партия комитетінде, Жезқазған облыстық атқару комитетінде жауапты қызметтер тізгінін ұстады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Жезқазған облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының бірінші орынбасары лауазымына тағайындалды. Міне, осы жылдары Тұрар ағаның іскерлігі мен адалдығы сыңа түскен кезең болды. Қазақстан бойынша сол кездегі Семей және Жезқазған облыстарының ауыл шаруашылығы саласы жекешелендіру науқанына пилоттық жоба ретінде ұсынылып, тарихи дүрбелең басталған. Әрбір ауыл еңбеккерінің ортақ мүлік

пен жерден алатын заңды үлесін бөліп беру машақатын бір кісідей тартқан адам осы Тұрар Ахметұлы болды. Осы науқанда «бармақ басты, көз қысты» пиялыға тосқауыл қойып, шаруашылықтардың жаңа техника, шұрайлы жерлерін қармап қалғысы келген басшылар әрекетінің жолын кесу оңайға түскен жоқ. Жеке шаруа қожалықтары тиісті үлесін алып, өз игілігіне өзіне болғанымен, шаруашылықтың мұндай формасын дамыту, олардың өнімін сату, техника, жанармай сатып алуына қолдау көрсету мемлекеттің мойнында қалды. Ауыл шаруашылығы өнімдеріне деген сұраныс төмендеп кеткен. Айналымда ақша жоқ. Сауда-сағатық тек бартерлік (айырбас) жүйемен жүргізіледі. Сол кезде ғой қазақы ұғымдағы «екі қойым — бір теңге» деген немқұрайдылықтың белең алғаны. Шын мәнінде, ауылдағы шаруаның бір қойы бес кір сабынға айырбасталып жатқан уақыт.

Мұның бәрі жылы кабинет, жайлы ортада жүрсе де, Тұрар Ахметұлының жанын жай таптырмады. Ол облыс басшылығына тиімді жобалар ұсынып, шаруа қожалықтары қолдау тетіктерін жетілдіру ісіне өлшеусіз үлес қосты.

Кейін Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы, жер қатынастары басқармаларын басқарған жылдарында да оның бай тәжірибесі, терең білім, биік парасаты өзі басқарған салаларды талай тығырықтан алып шыққанын өзі емес, әріптестері айтады.

Қазір зейнет демалысында. Дариға дәурен дүбірінің дүрмегі саябырлаған. Алланың берген ұл-қыздарының арқасында ештенеден таршылық көрер жері жоқ. Алтынбековтің алтын басын төрге шығарар абыройы бар. Зина жеңгей екеуі ұлдан өрбіген немерелер мен қыздан өрбіген жиендердің қызығына кенеліп, қамсыз тірлік кешуде. Десек те, Тұрар ағамыздың елдің ертенін, ауылдағы жұрттың жағдайын ойлап, қамығып қалатын сәттері бар. Иә, ол елді ойламай отыра алмайды. Оның бүкіл болмысы елмен егіз жаратылғандай.

...Екеуіміз сұхбатымыз аяқталған соң, далаға бірге шықтық. Ақпанның ақ жауыны саябырлап, ұлпа қар ұшқындап тұр екен. Көктен қалықтай түсіп, тонды тесіп өте алмаған жаңбыр суына араласып жатқан аппақ қар маған Тұрар ағаның ақ пейіл, адал көңіліндей көрініп кетті.

Иә, Тұрар аға — осындай жан.

Ол — биік парасат иесі. Жапалақтап жауған қарға қарап, қуанып тұр. Тағдырының жолы жақсы аға, жайсаң азаматты қыста жауған жауындай алаңдатып, жазда жауған қардай қалтыратпаса екен!

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• ЖАСТАР САЯСАТЫ

Өндіріс пен білім бір толқында

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде студент жастар үшін маңызды шара — «Карьера Start» бос жұмыс орындары жәрменкесі өтті. Дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын бұл жәрменке университет пен өндіріс арасындағы байланысты нығайтып, болашақ мамандардың еңбек нарығына еркін бейімделуіне жол ашады.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңірдің 90-ға жуық жетекші компаниялары, ұлттық және халықаралық ұйымдар, сондай-ақ, мемлекеттік мекемелер өздерінің бос жұмыс орындарын ұсынды. Оның ішінде, ірі зауыттар мен өндірістік кәсіпорындардың 60-тан астам өкілі келді. Студенттер жұмыс берушілермен тікелей байланыс орнатып, тағылымдамадан өту, жұмысқа орналасу және мансаптық өсу мүмкіндіктері туралы нақты ақпарат алды.

Университет басшылығы түлек-



тердің жұмысқа орналасу көрсеткіштерімен бөлісті. Былтыр зерттеу нысандары бойынша оқуын аяқтаған түлектердің 91 пайызы

жұмысқа орналасқан. Бұл — тексерілетін білім ғана емес, тәжірибелік дағдылардың да сапалы қалыптасқанын көрсетеді.

Қазіргі таңда оқу орны 86 өнеркәсіптік кәсіпорымен серіктестік орнатқан. Соның ішінде, 33 кәсіпорынның тапсырысы бойынша 268

студент білім алуда. Олардың оқу ақысын өндіріс орындары төлейді. Сонымен қатар, университет жанындағы колледж 14 мамандық бойынша кадр даярлайды. Техникалық және жұмысшы мамандықтарына сұраныс жоғары екені айтылды. Көп жағдайда өндіріс орындары колледж түлектерін жұмысқа қабылдап, кейін олардың жоғары білім алуына мүмкіндік береді.

Жәйрем кен байыту комбинаты мамандармен жұмыс істеу қызметі бастығының орынбасары Айнагүл Шайхина өндіріс саласындағы кадр тапшылығына тоқталды.

— Бұл іс-шара біз үшін өте пайдалы әрі қызықты. Ең бастысы — студенттер ұсынылып отырған мүмкіндіктерді дұрыс пайдалана білсе. Қазірден бастап байланыс орнатсақ, екі жаққа да тиімді болар еді. Біздің комбинатта кен байытушылар, металлургия, өндірісті автоматтандыру мамандары жетіспейді. Тау-кен мамандары да қажет. Басты талабымыз — базалық білім. Тау-кен ісі химиядан басталады, әрі қарай есептеу, жоспарлау секілді күрделі үдерістер бар. Сол бағыттарды меңгеріп, дамуға дай-

ын жастар керек, — деді ол.

Бұл пікір өңірдегі өндіріс орындарында техникалық бағыттағы білікті мамандарға деген сұраныстың жоғары екенін көрсетеді.

Өз кезегінде Қарағанды облысы бойынша еңбек мобильдік орталығының директоры Нұржан Сыздық жәрменкенің маңызын атап өтті.

— Бүгін жұмыс берушілермен қатар еңбек порталдарында да көптеген вакансиялар ұсынылды. Студенттер өздері оқып жатқан мамандық бойынша болашақта қай жерде жұмыс істей алатынын нақты біле алады. Бұл жәрменкені жыл сайын өткіземіз. Биыл ірі зауыттардан 60-тан аса жұмыс беруші келді, — деді ол.

«Карьера Start» студенттер үшін тек бос жұмыс орындарымен қатар, кәсіби болашағын айқындайды. Ал, жұмыс берушілер өндірістігі кадр тапшылығын шешеді.

Білім мен өндіріс арасындағы мұндай байланыс күшейген сайын өңір экономикасының дамуына үлес қосатын білікті мамандар қатары да арта түспек.

Сурет автордан

• ТҰСАУКЕСЕР

Арқа ардақтыларының галереясы

Белгілі журналист, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, республикалық «Egemen Qazaqstan» газетінің аймақтағы тілшісі Қасымхан Ғалымның «Болат болмыс» атты портреттер топтамасы жарыққа шықты. Жаңа кітаптың тұсауы «Достық үйінде» кесіліп, салтанатты рәсімге зиялы қауым өкілдері мен оқырманы куә болды.



Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»


Кітаптың тұсауы кешін ақын, Қазақстан Жазушылар одағының, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің аға тілшісі Еркәнат Кеңесбекұлы тізгіндеді. Кештің шымылдығын Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Алаш жұртының дүлдiл әншісі Жаксыкелді Кемалов әнмен ашып, Қасымхан Ғалымға батасын берді.

Қасымхан Ғалым жинақты шығару идеясы туралы ойымен бөлісіп, кітап мазмұнына, кейіпкерлер әлеміне тоқталып:

– Қазақтың зерделі жазушысы ұлы Мұхтар Әуезов «Көрген, білген болмысынан туған шындық кітабы болып шыға алса, содан арғы зорғы мұраты жоқ» деген сөзі бар. Журналистиканың сарбазы болып жүргенімізге 7 жылдан астам уақыт өтті. Сол уақытта еңбегі мен кәсібіне, өнеріне адалдығымен, өмірге құштарлығымен еліне елеулі болып жүрген азаматтар туралы әжептәуір портреттік суреттемелер жазыппын. Солардың басын құрап, жинақ шығаруды жөн көрдім. Идея авторы – ақын, әріптесім, рухани

ағам Еркәнат Кеңесбекұлы. Қасиетті қарашанырақ «Орталық Қазақстан» газетіне қолымнан жетектеп келген, сөз өнеріне баулыған, топқа қосып, әкемдей болып кеткен газеттің бас редакторы Еркін Мұсабеков ағам айрықша алғысымды айтамын! Арқа баспасөзінің қарнары Мағауия Сембай марқұм газеттің бас редактор болып тұрған кезеңде табалдырықты аттаған едім. Алғашқы редакторым – Мағауия Сембайдың мектебінен өттім деп мақтанышымен айтамын! Осы жинақты шығарудағы мақсатымының бірі – маған сенім артқан рухани ағаларымның, ұстаздарымның үмітін ақтау. Екіншіден – рухы мен жігері жанартаудай жастарды, тағдыр сынағына сынбаған өмір майданының жауынгерлерін, ел аналары мен ағаларын, еңбектің қараторысына айналған жандарды ұлықтағым келді. Жаксының жақсылығын айтып, оларды көпке үлгі еткім келді, – деді автор.

Кітапта қырықтан астам кейіпкер бар. Редакторы – Еркәнат Кеңесбекұлы, корректоры әріптесім – Құлбағдат Қасымова, дизайнері – газеттің фототілшісі Жангелді Бекболатұлы. Жинақтың жарыққа шығуына Арқаның



Атымтай-Жомарттары – Бақтыбай Жүнісов пен Рамазан Әбділдин. Жаксыкелді Кемалов пен Қазақстанның Мәдениет қайраткері, Қазақстанның Құрметті журналисі Сүйіндік Жанысбай және белгілі публицист, облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бас редакторы Еркін Мұсабеков, ақын, ұлттық «Айбоз» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар одағының аймақтағы өкілі Жанат Жанқашұлы, сатирик, аймақтық «Арқа ақшамы» газетінің бас редакторы Әлбейет Жұманов және әулеттің ағасы

Мұхатай Бейбітұлы кітаптың лентасын қиды.

Алдыңғы толқын Қасымхан Ғалымға жылы лебізін білдірді.

– Қасымхан бауырымыз оқырманына керемет тарту жасап отыр. Құтты болсын! Бұнымен тоқтап қалмай, әрі қарай да еңбектеніп, биік белестерді бағындыра беруге тілектеспіз! – деді Сүйіндік Жанысбай.

– Қасымхан балам Ғалым атасының тәрбиесін көріп, жақсы қасиеттерін бойына сіңіре білді. Бүгінде еңбеккерлігінің арқасында біздің ғана емес, халқымыз баласына айналды, – деді Мұхатай Бейбітұлы.

– Қасымханның кітабы шыққанда, өз кітабым жарық көргендей қуанып, төңірекке сүйіншілеген едім. Оның қуанышы – менің қуанышым! Әр жетістігіне марқайып отырамын. Жұлдызы жарық болсын! – деді Еркін Мұсабеков.

86 жастағы «Ерлігі ел аузында жүрген апа» Сәкүл Сақбаева мен «Сабырдың сыңарындай болған Сапарбек Жақұддин» Қасымхан Ғалымның кейіпкерлері. Сәкүл әже авторға аналық батасын берді.

– 33 жасымда қасқыр соқтым. Өмірде білгенім, түйгенім баршылық. Ба-

• ФУТБОЛ

Жас футболшыларға қолдау мол



Қарағанды өңірінде футболды дамыту және жас буынды спортқа бауду бағытындағы жүйелі жұмыстар атқарылууда. Осы игі бастамалардың аясында «Шахтер» футбол клубының өкілдері мен Freedom QJ League жасөспірімдер футбол лигасының өткен маусымындағы үздік ойыншыларының бірі Глеб Макридов Қарағандыдағы №6 орта мектептің оқушыларымен кездесу өткізді. Кездесуде клуб өкілдері оқушылармен сұхбат құрып, еркін пікір алмасты. Әрі мектепке футбол және волейбол доптарын тарту етті.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Айта кетейік, аталған білім ордасында клуб академиясының жас футболшылары тәлім алып жүр. Кездесу барысында Глеб Макридов жас спортшылармен пікірлесіп, олардың көкейіндегі сауалдарға жауап берді. Сонымен қатар, жас футболшы алдағы уақытта Испанияның әйгілі «Атлетико Мадрид» клубына қаралымға баратынын да атап өтті.

– Жастарды спортқа мектеп жасынан баулыған дұрыс. Қызығушылықтарын арттыру үшін жан-жақты қолдау көрсетілуі қажет. Әрі осындай кездесулер жиі өтсе екен. Оқушылар кәсіби футболшыдан футбол жайында кеңінен ақпарат алса, қызығушылығы артады. Біз мектеп оқып жүргенімізде ардагер футболшы Петр Асылбаевпен жиі кездесетінбіз. Сол кісіге қарап, футболға деген қызығушылығымыз күшейді. Бүгінгі жастар да футболға аса қызығады. Сондықтан, мұндай кездесулер әлі де керек, – деді

Глеб Макридов.

Ал, клуб өкілдері өз тәрбиеленушілері білім алатын мектепке қолдау білдіріп, оның материалдық-техникалық базасын нығайтуға атсалысу басты мақсатының бірі екендігін айтады.

– Клуб үшін әлеуметтік жауапкершілік жай ғана ұран емес. Күнделікті атқарылатын жұмыстың ажырамас бір бөлігі. Мектеп қабырғасында баланың мінезі қалыптасып, тәртібі шындалып, алғашқы армандары қанат қағады. Академия тәрбиеленушілері білім алып жатқан оқу ордасына қолдау көрсету – біз үшін мәртебе. Осындай кездесулер балаларға шабыт сыйлап, өзіне деген сенімділігін мықтап, мақсатына жетелейді. Біз қоғаммен бірлесу жөзеге асатын игі бастамаларға әрдайым ашықпыз. Себебі, бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі ел башағының ир-тасы, – деді клубтың медиадиректоры Бекежан Ардақұлы.

Кездесу соңында оқушылар футболшымен доп түйіп, естелікке суретке түсті.

Сурет клубтың баспасөз қызметінен

• КӨРМЕ

Өнер әлеміндегі өлке тынысы

Қарағанды облысының торқалы 90 жылдығы – тарихи белес қана емес, өңірдің рухани-мәдени өміріндегі айшықты оқиға екені кәдік. Мерейтой аясында аймақтың шежірелі тарихын, елге еңбегі сіңген тұлғаларын және өндірістік-экономикалық әлеуетін өнер тілі арқылы қайта зерделеуге мол мүмкіндік беріліп отыр. Осы атаулы датаға орай Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейінде музей қорынан іріктелген «09-90. Бейнелеу өнеріндегі өлке тарихы» атты көрменің салтанатты ашылуы өтті. Экспозиция өңірдің өткені мен бүгінін сабақтастыра отырып, Сарыарқаның көркем шежіресін көпшілік назарына ұсынды.


Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың мәдениетін, өткені мен бүгінін сырлы суреттермен дәріптеуді мақсат тұтқан көрме экспозициясында кескіндеме, графика және мүсін өнеріндегі портрет пен пейзаж жанрлары кеңінен көрініс тапты. Көрменің шымылдығын Зағип және нашар көретіндер мен Саңыраулар мәдениет үйінің өнерпаздары ашып, қала мен еңбек адамдары туралы әндер шырқалды.

– Қазыналы Қарағанды өңірі – тарихы терең, табиғаты тұмса, өндірісі өркендеген аймақ. Бүгінгі

көрме тек жетістіктеріміз бен сәулеттік келбетімізді ғана емес, осы өлкені өркендеткен еңбек адамдарының тағдырын да көркем тілмен таныстырады. Облысымыз сапалы білім беру жүйесімен, жоғары мәдени деңгейімен ерекшеленеді. Сондықтан, бұл көрме – мерейтой аясындағы маңызды мәдени оқиға ғана емес, қала тұрғындары мен қонақтарына рухани тағылым беретін, өңірдің тұтас болмысын танытатын мазмұнды тарту деп білемін, – деді облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Ноян Жүнісов.

Е.Бөкетов атындағы Қараған-



ды ұлттық зерттеу университетінің профессоры, Суретшілер одағының мүшесі Лариса Золатарева өз сөзінде мерейтойлық көрменің мазмұнына кеңінен тоқталып, экспозицияның идеялық-эстетикалық өзегін айқындап берді.

– Сағымы сайран қуған Сарыарқаның талай сыры бар. Бұл

өлке тек өндірістік қуатымен емес, терең мәдени тамырымен де ерекшеленеді. Көрмеде ұсынылған туындылар өңірдің табиғи кеңістігін, тарихи жадысын және адам тағдырын тұтас бір көркем шежіреге айналдырған. Индустриялық пейзаждар аймақтың еңбек тынысын

бейнелесе, лиро-эпикалық пейзаждар Сарыарқаның кең тынысты болмысын, оның пәлсапасын ашады. Ал, портреттік жұмыстарда туған жердің рухани тарихын жасаған тұлғалардың кескін-келбеті сомдалған. Әрбір шығармада уақыт табы, адам еңбегі және ұлттық болмыс үндесіп жатыр, – деді

Лариса Романовна.

Мерейтойлық көрмеде барлығы 61 жұмыс ұсынылған. Орталық Қазақстан – еліміздегі ең ірі өнеркәсіптік өңір болғандықтан, индустриялық пейзаж жанры ерекше дамыған. Мұны Михаил Подлесных, Сергей Щеголихин, Қуат Асқаров және басқа да суретшілердің еңбектері айқын дәлелдейді. Ал, Гиллярій Гилевскийдің туындылары – көне Қарағандының шежіресі іспетті. Сонымен қатар, көрмеде лиро-эпикалық және эмоционалды лирикалық пейзаждар кеңінен ұсынылған.

Сондай-ақ, көрме барысында «Астана» балалар-жасөспірімдер клубының «Рокко» сән театрының жас модельдері сәнді киім үлгілерін көрсетіп, кештің көркін кіргізді. Шығармашылық іс-шараға орай музей қызметкерлері «Социалистік Еңбек Ерлері» атты бейнеролик әзірлеп, музей қорындағы еңбек ерлерінің портреттерін ұсынды.

Сурет ұйымдастырушылардан

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісов
Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ
Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ө. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұхар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР000030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 013

№20 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН